

21 сәуір,  
Сейсенбі,  
2020 жыл

uil-gazet@mail.ru

Газет 1930  
жылдың  
қараша айынан  
бастап шығады.

## ЫЛҒАЛДЫ ЖЕРГЕ ЫРЫС ҚОНСА, ӨНІМ ДЕ МОЛ БОЛМАҚ!

Өткен қыс шаруа баққандар үшін өте жайлы болды. Қыс қылышын сүй-реп кіргенімен қаһары да, қары да қабырғамызға сыз боп тимеді. Соның салдарынан көңілімізде биыл да қуаңшылық болады деген болжам болғаны рас. Бірақ болжам теріске шығып, жердің ылғалы мол болды. Бұл өрине «Диқан жерін мақтайды», - дегендік емес. Шынтауытына келсек, жердің ылғалдылығы бұрыннан жерге түрен салып келе жатқан дәрдің үмітіне үлкен сенім орнатып тастады.

Осы орайда өткен жексенбі аудан әкімі Асқар Қазыбаев Сарбие,

Қараой бағытына арнайы іссапарға шығып, егістік алқаптарды аралады. Көктемнің шуақты күндерінде егіс егуге ерте қамданған «Рақым», «Жақып», «Барыс», «Жиенбек» шаруа қожалықтарының жұмысымен танысып, шаруалармен тікелей тілдесті. Егіс егу кезіндегі көктемгі далалық жұмыстары көңіл толтырып-ақ тұр. Қазіргі таңда ылғал жабу жұмыстары бітуге жақын. Шаруалардың алды «санаулы күнде дән себу жұмыстарын бастаймыз», - дейді.

Муса ӘДІЛБАЙҰЛЫ,  
Ойыл-Сарбие-Қараой-Ойыл.

## ДУҒА — МҰСЫЛМАННЫҢ ҚОРҒАНЫ

Қадірлі бауырлар!

Адам атадан тараған күллі адам-зат баласы жаратылған сәттен бас-тап түрлі жақсылықтар мен сынақ-тарды бастан кешуде. Өйткені, өмір — сынақ мекені. Ал мұсылманның мұраты — сынақты сауапқа айнал-дыратын амал жасау.

Иман шартын жүрегіне бекіткен мүмін жақсылық пен жамандық — Алладан деп қабылдайды. Нығметке кенелсе — шүкір етеді, қиындыққа тап болса — төзімділік танытады.

Біз — тарихымыздың сан қилы сындарлы сәттерінде үмітсіздікке берілмей, бір Алладан медет тілеген халықпыз.

Ендіше, мұсылман қауымын құлшылық кезінде еліміз бен жеріміздің, күллі адамзаттың амандығы үшін дуға жасауға шақырамын.

Құрметті жамағат!

Ардақты пайғамбарымыз алдын ала келетін түрлі дерттен сақтану үшін ұйқыға жатар кезде «Ықылас», «Фалақ», «Нас» сүрелерін оқып, алақанына үрлеп, денесін сүрткен. Дуға — мұсылманның қорғаны. «Дуға — ғибадаттың мәні» (хадис). Алла Тағала: «Мүмін» сүресінің 60-аятында: «Менен сұраңдар. Тілек-теріңді қабылдаймын», — деп уәде еткен.

Жаратқанға жалбарынып, дуға жасап, иманымызды күшейтіп, қатекемшіліктен арылуға тырысайық.

Біз «Жақсы сөз — жарым ырыс» деген аталы сөздің қадірін біліп, жақсылыққа ұмтылған ұлтпыз.

Сындарлы сәтте бір-бірімізге жақсы сөз айтып, көмекке мұқтаж отбасыларға қайырымдылық жасап, мол сауап алуға асығайық!

Тазалық пен имандылық — егіз ұғым. Ең бастысы жұқпалы індеттің алдын алу үшін тазалық шара-ларына аса мән беруіміз керек.

«Жеті рухани қазық» құжатымызда бауырмалдық, адалдық, адамгершілік, бірлік, ізгілік сынды қоғамға қажет құндылықтарды айрықша атап өттік. Осынау игі бастаманы амалға асырып, ізгі істерде бір-бірімізге көмекші болуға үндеймін.

Құрметті отандастар!

Біз талай зұлматты заманды бастан кешіп, өсіп-өнген елміз. Қиындықты сабырға жеңдірген адам Алланың разылығы мен рақымына ие болады. «Расында, Алла сабыр етушілермен бірге». Раббымыз «Бақара» сүресінің 153-аятында құлдарын осылай сүйіншілейді.

Уақытша сынақты өуелі Алланың жәрдемімен, иманымыз бен бірлігіміздің арқасында жеңіп шығатынымызға көбірек үміт артайық.

Алла Тағала Отанымызды, күллі адамзат баласын жұқпалы індеттен аман етіп, өз панасында сақтағай.

Баршаңызға Алланың амандығы мен берекетін тілеймін.

«Тарауық намазы мешіттерде

жамағатпен оқылмайды. Өркім тарауық намазын өз шаңырағында отба-сы мүшелерімен оқуына кеңес бере-міз. Біз осылай оқшаулану арқылы жұқпалы індетті жеңеміз. Жұқпалы індеттің таралуының алдын алу мақсатында мешіттерде, дәмханаларда, қоғамдық орындарда т.б. мекемелерде жиналып ауызашар беруді уақытша тоқтатуға шақырамыз. Сондықтан карантин күндері: 1. Өркім өз шаңырағында отбасы мүшелерімен ауызашар өткізуге; 2. Көпшілік орындарда (дәмхана, мейрамхана т.б.) жиналмауға үндейміз. Қазіргі жағдайға қарай ораза ұстаған адамдарға ауыз ашар беруде мынадай қайырлы амалдарды жүзеге асыруға шақырамыз: а) Мейрамханаларға тапсырыс беріп, ауызы берік адамдарға тамақ тарату; ө) Әлеуметтік жағдайы төмен отбасыларға азық-түлік тарату арқылы ауыз аштыру; б) Ауызашарға жұмсалатын шығындарды ораза ұстаған адамдарға қаржылай беру, т.б» деп атап өтті Наурызбай қажы Тағанұлы.

«Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы еліміздегі іргелі зерттеу орталықтарының бірі болып табылатын В.Г.Фесенков атындағы «Ұлттық ғарыштық зерттеулер мен технологиялар орталығы» мекемесінің ғылыми мәліметіне сүйеніп, сондай-ақ көрші Өзбекстан және Қырғызстан мұсылмандары діни басқармаларымен кеңесіп, Рамазан айының басталатын күнін белгіледі. Шарғат үкімі мен ғылыми зерттеу жұмысының қорытындысына сәйкес, мұсылмандар асыға күтетін Рамазан айы биыл елімізде 24 сәуір күні басталады деген шешім қабылданды» деп атап өтті ҚМДБ Төрағасы Наурызбай қажы Тағанұлы.

Онлайн режимде өткен мәжіліске наиб мүфти Ершат Оңғаров, ҚМДБ Аппарат басшысы Ғылымбек Мөжиев, Ғұламалар кеңесінің мүшелері, ҚМДБ бөлім меңгерушілері мен облыс және республикалық маңызы бар қалалардың бас имамдары қатысты. Жиында ҚМДБ Шарғат және петау бөлімі меңгерушісінің орын-басары Хасан Аманқұлов Рамазан айында берілетін підия, пітір сада-қасы мен зекет мөлшерін анықтау-дың маңызы жайында баяндама жасады.

ҚМДБ Төралқа мәжілісінің шешімімен биыл бір адам атынан берілетін пітір садақа мөлшері 370 теңге деп бекітілді. Пітір садақаның құны ұнның республика бойынша есептегенде нарықтық орташа бағасымен шығарылды. Ал материалдық жағдайы бар азаматтар пітір садақаны мейіз немесе құрма құнымен бергені абзал.

Наурызбай қажы ТАҒАНҰЛЫ,  
Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының төрағасы, Бас мүфти.

## «ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ МИНИСТРЛІГІ ТАУАРЛАР МЕН КӨРСЕТІЛЕТІН ҚЫЗМЕТТЕРДІҢ САПАСЫ МЕН ҚАУІПСІЗДІГІН БАҚЫЛАУ КОМИТЕТІ АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫНЫҢ ТАУАРЛАР МЕН КӨРСЕТІЛЕТІН ҚЫЗМЕТТЕРДІҢ САПАСЫ МЕН ҚАУІПСІЗДІГІН БАҚЫЛАУ ДЕПАРТАМЕНТІНІҢ ОЙЫЛ АУДАНЫДЫҚ ТАУАРЛАР МЕН КӨРСЕТІЛЕТІН ҚЫЗМЕТТЕРДІҢ САПАСЫ МЕН ҚАУІПСІЗДІГІН БАҚЫЛАУ БАСҚАМАСЫ» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІНІҢ ОЙЫЛ АУДАНЫНЫҢ БАС МЕМЛЕКЕТТІК САНИТАРИЯЛЫҚ ДӘРІГЕРІ

### ҚАУЛЫ

12.04.2020 жылғы

Ойыл ауданы аумағында халықтың қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі шаралар туралы

Ойыл селосы

Мен, Ойыл ауданының Бас Мемлекеттік санитариялық дәрігері Гари-фолла Антонович Кубаев, «Қазақ-стан Республикасында төтен-ше жағдайды енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2020 жылғы 15 наурыздағы №285 Жарлы-ғының 3 тармағы 4) тармақшасы, «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасы Кодексінің 150 бабын, Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 20 наурыздағы №239 бұйрығымен бекітілген, Қазақстан Республи-касының аумағында шектеу іс-шара-ларын, оның ішінде карантинді жүзе-ге асыру қағидасының 2 және 6 тармағын басшылыққа ала отырып, көршілес шекаралас аумақтарында (Атырау, Батыс Қазақстан облыс-тарында) коронавирустық инфекция-лық жағдайларының тіркелуіне байланысты, сонымен қатар тұрғын-дар арасында инфекцияның кеңінен таралуының алдын алу мақсатында, **ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:**

1. Ойыл ауданы аумағында 2020 жылдың 13 сәуірінде сағат 00-00-ден бастап кәсіпкерлік және (немесе) өзге де қызмет пен халықтың өмір сүруі-нің ерекше жағдайлары бар шектеу енгізілсін.

2. Ойыл ауданының әкімі және ауылдық округтерінің әкімдеріне:

2.1. Атырау, Батыс Қазақстан облыстарынан Ойыл ауданының ауылдық округтері аумағына кіруге шектеу енгізіп, авариялық-құтқару қызметтерінің, жедел медициналық көмектің қолжетімділігін және үздіксіз жұмысын қамтамасыз етуді ескере отырып, аймаққа кіру/шығу пункттері анықталсын.

2.2. Автокөліктер және азамат-тарды өткізу үшін блокпостар орна-тылсын және автокөлік құралдары-ның барлық түрлерінің және азамат-тардың кіріп-шығуына тыйым салы-сын, мыналарды қоспағанда:

- жедел медициналық көмек пен санитариялық-эпидемиологиялық қызметінің, сондай-ақ медициналық қызметкерлерінің автокөліктерін;

- жұмыс берушінің анықтамасы (жұмыс кестесі/уақыты көрсетілгенде) болған жағдайда жұмысқа бара жатырған азаматтардың жеке автокөліктерін;

- азаматтық қорғаныс қызметінің, өрт сөндіруші және апаттық-құтқару автокөліктерін;

- Ойыл ауданы өнеркәсіп пен ауыл шаруашылық кәсіпорындарының тыныс-тіршілігін үздіксіз жұмыс

жасауын қамтамасыз ететін өндіріс-тік тауарлары мен материалдары, азық-түлік тауарлары, дәрі- дәрмек құралдары мен медициналық бұйымдары бар автокөліктерін;

- транзиттік автокөліктерін;

- коммуналдық, авариялық қыз-меттердің: электрмен, газбен, сумен және жылумен жабдықтау, қоқыс жинау, сондай - ақ байланыс пен коммуникациялардың автокөліктерін;

- құқық қорғау органдары мен қызметкерлері;

- мамандандырылған инкассатор-лық көліктерін;

- жерлеу үдерістерінде еріп жүре-тін адамдардың ең көп саны он адамнан аспайтын автокөліктерін;

- перзентханалардан босанып шыққан әйелдерді жаңа туылған балаларымен медициналық карта-дан үзіндісі болған жағдайда.

- тротуарларды, саябақтарды, скверлерді, алаңдарды, теміржол және автовокзалдарға іргелес аумақ-тарды, автомобиль жолдарын және базарлардың аумақтарын жуу құрал-дарын қолдана отырып өңдеуді

2.3. Блок-бекеттерінен өткен кез-келген тұлғаның денсаулық жағ-дайын тексеру (температураны өл-шеуді) қамтамасыз етілсін.

2.4. Көліктерді кіргізудегі блок-бекеттерді дезинфекциялық тос-қауылдармен қамтамасыз ету.

2.5. Блок-бекеттерге тартылған қызметтердің жеке гигиенасын сақ-тау үшін қажетті жағдайлармен, жеке қорғану құралдарымен және жабдық-тарымен қамтамасыз етілсін.

3. Ойыл ауданы тұрғындарына:

3.1. Кемелетке толмағандардың заңды өкілдерінің еріп жүруінсіз үйден тыс жерлерде жүріп-тұруына тыйым салынсын;

3.2. 65 жастан асқан азаматтарға өзін-өзі изоляциялау режимі сақ-талсын;

3.3. Респираторлық инфекцияның алғашқы белгілері (мұрын біту, түшкіру, дене қызуының жоғары-лауы) пайда болған кезде 103 нөмірі бойынша жедел медициналық жәр-дем шақыру арқылы дереу медици-налық көмекке жүгіну қажет;

3.4. Жерлеу рәсімін жүргізу кезінде кемінде екі метр қашықтықты сақтай отырып, адамдардың шоғырлануы он кісіден аспайтын болсын;

4. Барлық меншік нысанындағы ұйымдардың басшыларына:

4.1. Қызметкерлерді ұйымдас-тырылған тасымалдаумен қамтама-сыз етілсін;

4.2. Жұмыс орындарында өз

қызметкерлері мен клиенттердің био-логиялық қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін қолғаптар мен бір рет қолданылатын маскалар беру;

4.3. Дүкендердің, дөріханалардың, медициналық мекемелердің және т.б. кіреберісінде санитайзерлер орнатсын;

4.4. Үй-жайларда күніне екі реттен кем емес ылғалды жинау және дезин-фекциялау жүргізілсін;

4.5. Объектінің аумағын дезин-фекциялық құралдарын пайдалана отырып теулігіне 1 реттен кем емес өңдеу;

4.6. Объектіге кіретін есіктің алдында дезинфекциялық құралдар-мен үнемі ылғалдыланатын дезин-фекциялық төсеніштер орнатсын;

4.7. Үй-жайлардың ішінде адам-дардың саны бойынша шектеулерді қатаң сақтасын (20 шаршы метрге бір адамнан артық емес);

4.8. Клиенттер арасындағы қашық-тықты кемінде бір метр сақтай оты-рып, кезектерді ұйымдастыру, сон-дай-ақ 5 адамнан артық кезектің пайда болуына жол бермеу;

4.9. Жедел респираторлық инфек-цияның белгілері (мұрын біту, түш-кіру, дене қызуының жоғарылауы) бар қызметкерлер жұмысқа жіберіл-месін.

4.10. МСАК дәрігерлерінің жоспар-лы қабылдауын және амбулатор-риялық-емханалық ұйымдар дәрігер-лерінің жоспарлы консультация-ларын қашықтықтан қызмет көрсету форматына ауыстыруды

5. Ойыл ауданының полиция бөліміне:

- азаматтардың көшеде жүру құқығынсыз үй карантин режимін сақтауын бақылау;

- шоғырланған азаматтардың қоғамдық орындарда, саябақтарда, скверлерде болуына жол бермеу мақ-сатында патрульдеу кезінде шараларды күшейту;

- отбасы мүшелерін қоспағанда, адамдардың топтармен 3 адамнан артық қозғалуына, сондай-ақ көме-летке толмағандардың ересектердің еріп жүруінсіз қозғалуына жол бер-меу;

- автокөліктердің аса қажетінсіз қозғалуына жол бермеу;

6. Осы Қаулының орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

7. Осы Қаулы қол қойылған күннен бастап күшіне енеді.

Ойыл ауданының Бас Мемлекеттік санитариялық дәрігері Г.А.Кубаев.



Биыл бүкіл өлем екінші дүниежүзілік соғыс деп таныған, ал КСРО халқы Ұлы Отан соғысы деп атаған, 1418 күнге созылған, 50 миллионға жуық адамның басын жұтқан қанды қырғын, Ұлы жеңіске 75 жыл толып отыр.

Сол бір адамзат тарихындағы «ер етігімен су кешіп, ат ауыздығымен су ішкен» сұрапыл соғыстың салған жарасы Жер-Анамыздың бетінде өлі күнге жазыла қойған жоқ. Майдангерлердің жанқиярлық ерліктері мен қаһармандығы мәңгі өшпес аңызға айналды. Қолына қару алып, соғыс өртіне болмаса да, мылтықсыз майданда жан аямай еңбек етіп, бейбіт күнге жеткізгендер - қайсар да, қажырлы тыл еңбеккерлері екені даусыз.

Еңбектеген баланы ерте есейтіп, еңкейген қартқа қайта күрек ұстатқан, жас аруды күңіренітіп, ананы жалғызынан айырып, аңыратқан, құрсақтағы нәрестені тұмай жатып жетім қылған сұрапыл соғыстың қасіретін ұмыту мүмкін емес.

Иә, соғыстың беті өрмен болсын, соғыстың аты соғыс, сен оны өлтіруің керек, ал оны өлтірмесек ол сені өлтіреді, ол солай... Ешкімді ешкім аяп қалмайды, мақсат, қалай болған да да жеңіске жету. Осы қанды соғыста, біздің ойылдықтар да барлық майдандарда зұлмын жаумен шайқасып, ұрыстарға қатынасты. Ленинградты қорғаушылар қатарында, Москва іргесіндегі шайқаста, Курск иіні мен Сталинград түбіндегі қиян-кескі ұрыстарда, Днепрді кешіп өтуде, Берлинді алуда, тағы басқа да қалаларды, елдерді азат етуде ойылдықтардың ерлікпен шайқасқаны жас ұрпаққа үлгі-өнеге.

Сондай қанды соғысқа қатынасып от жалынын көзімен көріп, өлі мен өмірдің тайталасын басынан өткізген ағаларымыздың сол өмірін бүгінгі күні көз алдымызға елестету қиын, олар мақтауға да мақтанға тұрарлық.

1939 жылғы Финляндия соғысына қатынасқан Орынбасар Асанов атқыштар полкінің сапында байланыс бөлімінің командирі болса, он сегіз жастағы Бернияз Аманғосов Ленинград блокадасын бұзу ісіне, Отар Клипанов Киев және Житомир қалаларын азат ету ұрыстарына қатынасып, ерлік көрсетті.

Осы Отанды қорғау жолында талай боздақтар құрбан болды. Тірі қалып елге оралғандардың да қатары күн санап азайып барады. Бүгінгі күні облысымыз бойынша Ұлы Отан соғысына қатынасқан 24 адам ғана есепте тұрады екен. Ал, ауданда 1995 жылы Ұлы жеңіске елу жыл толу құрметіне арналған мәдени көпшілік шараны өткізген аудан әкімі марқұм Қозы-Көрпеш Аманбаев осы ауданда есепте тұратын Ұлы Отан соғысына қатынасқан 107 адамды шақырып, олардың әр біріне ат мінгізген болатын. Бүгінгі күні сол жинға қатынасқандардың бәрі де бірдей, ең соңғысы Қайранбай Калиев атаның дүниеден озуымен аяқталды.

Соғыс сұрапылын бастан кешіп, оқ пен оттың ортасынан оралғандардың бәрі бірдей ауқымы кең ауылшаруашылығының ұрангерлері, ұлағатты сарбаздары еңбек майдандары болды. Әрине, әрбір адам баласы белгілі бір орта да өсіп, ержетеді. Оның әзәмірет ретінде қалыптасуына сол ортаның өзіндік қасиеттері де «алдыңғы толқын ағалар, кейінгі толқын иілер» деп Абай атамның айтқанындай өмірдің ағысында алға қарап бағдар түзеу, үлгі-өнеге алу кейінгілердің парызы, парызы ғана емес бұл жаман жолы. Сол секілді бұл кімбіз, кімнен өнеге аламыз дегенде сонан астам жастық шағымызда көзге түскен көптеген азаматтар көз алдына келіп, көңіліңді баурайтыны бар. Сондай-сондай қариялардың қатарынан маған Айсәуір Сукашевтің тұлғасы ерекше көрінетін. Өйткені, оның өмірінде кейінгі ұрпаққа үлгі боларлық сөздер аз емес. Оның бойында адамгершілік, жүктелген іске жауаптылық қасиеттері үйлесімді ұштасып жататын. Адамға жақсылық жасау екінің бірінші қолынан келе қоятын шаруа емес. Жақсылар ғана жан-жағына көлеңкесін түсіретін алып бөйтерек сияқты. Ал мен өз басым өріптеп, үзәңгілес інісі ретінде ол кісімен бірге қызмет істеп, оны мен бірге пікірлес болуға мүмкіндік болғанына ризамын. Көргені көп, білетіні де аз емес, айта да білетін, қайта да білетін жаны жарық, мейірімді жаннан алар тағылым аз болмады. Ондай адаммен еркін отырып пікір бөлісудің, өңгіме дүкен құрудың өзі бір ганибет. Көкжиегің кеңіп, жан сарайың ашылады.

Осындай бір салмақты ақсақалмен он бес жылдан артық жұмыста болған екенмін. Әу баста бізді табыстырған, басты қасиет еркімнің өз ісіне адалдығы еді. Мінез-құлқы, болмысы өртүрлі жандардың бір ортада тоғысуы, содан бір атаның баласындай болып жұмыс атқаруы сирек кездесетін құбылыс. Ал біздің ортамыз сондай болатын. Мұнда жұрттың бәрін табыстырып жүретін, өркіммен пікірлесуге ортақ мәселе табатын, сөйлесудің ретін білетін Айсекең болатын.

Өмір дегеніміз - өткен күндер емес, есте қалған күндер болса керек. Мен тек сондай есте қалған күндерді еске алсам, сол кездегі аудандық партия комитетінде қызмет жасаған Бернияз Аманғосов, Ысқақ Бақтыгереев, Жоныс Мусин, Еркін Мырзағалиев, Ерғали Абдуллин, Мұхтар

# АРДАГЕР ЕДІ АЯУЛЫ

Садықов, Қарылға Кереева, Өтеміс Акимов, Серікқали Келинберлин, Тельман Төлебаев, Амангелді Мұхамедьяров, Ерсайын Бижанов, Аман Атағалиев, Жеңіс Жақасова, Хасанбай Нұрғазин, Гүсман Жүмберген, Елтай Бермұқашев болып бір кісідей жұмылып ұйымшылдықпен қызмет атқарғанбыз.

Бұл күндері олардың о дүниелік болғандарына үнсіз зиярат жасап, дүние қызығын бөлісіп, қатарымызда жүргендеріне Алла өмір берсін айтасың іштей! Өйкені, бұл кісілер-бірі өке, бірі аға бола жүріп, біздің қалыптасуымызға ықпал еткен, тәрбие берген толқынның өкілдері.

Ал мен, Айсекеңді алғаш көргеннен-ақ, бітім-болмысы сөз саптасуынан түбі-текті тұқымынан екенін аңғарғандай болғанмын. Орайлы жолға түскенде қабағы жадырап, жүзі-жылып, арғы бергі дөуірлерге, қилы кезеңдерге, өзінің өмір жолы, елдік пен ерлік жайына, арлы азаматтардың тірлік-тынысына ойысқанда құйындай үйіріп, бәрінен қойдай иіріп алады. Сөз қадірін білетін, ой қайырымын ұғатын алымдығы мен шешендігіне риясыз тамсанасың!

Мұнда өңгіме, отбасы, ошақ қасы, ауыл-үй аудан төңірегі ғана емес, шабыттанғанда қолтығы сөгіле шабатын жүйріктей кесіліп, бүкіл ел жайын, өлемнің қам-қарекетін от қазындай қозғап, ұлт үлгісінің озығынан мысал алып, арыстардың, тағылымын алға тартып сөз сабақтайтыны бар. Ал өзі туған өлке туралы ел аузында сақталған өңгімелерді өте көп білетін. Көзбен көргені өз алдына, оқығаны мен тоқығаны, естігені мен есіне сақтағаны - бәрін жанына қалыбын бұзбай, жауардай етіп ерін кетірмей сақтағаны таңдандырмай қоймайды.

1942 жылғы армияға алындық, - деп бастайтын өңгімесін.

– Тіпті, көп кісіміз. Бөліп алып дайындады. Алтықарасу жақтың баласы өзінде ойнады. 19 ауыл - Миялыдан (Сол тұста қазіргі Қызылқоға ауданы Ойылға қараған –А.О.) 165 бала келіп Ойылда ойнады. Аптасына 110 сағат өзірлік. Күндіз-түні қуалап, тыным көрсетпейді. Жау нағыз тап келсе, соғысқа салып жіберейін деп даярлады ғой енді. Өзіміздің Орынбордың аумағына кіретін Троицк деп аталатын қалада үлкен өскери лагерь орналасқан екен. Сонда алып барды. Қазан айының іші, бұл жақта салқын. Көп адам жинады. Қайтадан комиссияға салды, іріктеді. Артынан аңғардым, Қиыр Шығыстағы шекара өскеріне жіберу үшін жапон халқына ұқсас адамдарды бір бөлек сұрыптаған екен. Менің түр-түсім жапонға келеді, мен құралпы кісілер басқа ұлттардың ішінде де ұшырасады. Сондай адамдарды екі ай жарымдай жинақтады. Сонан Қиыр Шығысқа алып барды. Іргеде Жапон өскері тұр. Мұнда келген соң бізді қайта құрды. Жеке полк екен. Владивостоктың атқыштар полкі. Жағалаудағы өскері бөлімге қарайды. Бірсыпырамызды осы жерден тура майданға өкертті. Бір бөлігімізді қалдырды. Соның ішінде мен де бармын. Бұл бізге ұнаған жоқ, өрине. Бел шешіп келген соғысқа кіргіміз келеді. Тірі қалсақ та, өлсек те пешенемізден көрелік дейміз. Жас уақытта адам қорықпайды-ау осы!

Содан бізді қайта құрып, жағалаудағы өскери қорғаныс флотына алды. Америка өскерінің үлгісімен құрылған. Дивизия болмайды онда, бригада. Сосын кілең батальон. Шағын қозғалуға ыңғайлы. Осында тұра бердік. Жаттығу көп. Кемемен алып кетіп, қайтып өкеліп тастайды. Бір күндері жапонның Нагасаки қаласынан 70 шақырым жерге апарып қойды. Бағыт қалай болар екен деп байқап жүр ғой енді. Өзіміздің тобымызда адамдардан сауаттырақ болдым ба, 1944 жылы мені партияға алды. Теңіз өскерінің жағалаудағы қызметінде жүріп жаттық. Жеңісті де осы жерде қарсы алдық. Соғыс аяқталғандай көріп жүрміз, қайдан білейік. 1945 жылдың 9 тамызы күні кемеге тиіп алды да кетті. «Қайда?» деп едік: «Соғысқа барамыз!» деді. Бір қалаға апарып түсірді. Солтүстік Кореяның айлақты қаласы екен. Ол жерде көп аялдатпай, кемемен бойлап жүзіп барып, суға лақтыра бастады. Мынау дүниеде теңізге десант болып түсуден қиын нәрсе жоқ екен. Қауіп-қатері көп: суға кетіп қалуың мүмкін, оққа ұшуың да ғажап емес. Өрине, көрер жарығың таусылмаса, аман шығуың да мүмкін. Екі жақтан да атып жатыр. Оған қарап жатқан жоқ. Командирлер қойдай бөріліктіріп, сарбаздарды суға тоғытып тұр. Бір таңқаларлық жағдай, біздің бойымызда қорқу, жасқан сезімі жоқ. Судағы ұрыс жағаға барып жалғасады. Осылай алма кезек ауысты да тұрды. Екінші дүниежүзілік соғыс пайдасына шыққан. Жеңіспен рухтанған, талай қаңқұйлы ұрыстарды бастан кешкен кеңес өскері ештеңеден тайсалатын түрі жоқ. Дақтың генералдардың бәрі Қиыр Шығысқа жиналған. Қуатты өскер жауды қысып тастады. Порт Артур, Порт Дальнийдегі 1904 жылғы орыс-жапон соғысында Жапония алған екен, соны қайтардық. Жапон өскері біржола тізе бүкті. Біздің батальонның командирі жапон өскерін тізе бүктірген өскердің қолбасшысы болды.

Жапонды жеңгенмен, бізді елге қайтаруға асықпады. Қиыр Шығыста ұстады. Жапонның газетін оқып, америка сарбаздарымен жиі ұшырасып, қоян-қолтық жүріп жаттық. Бірінші кезекте елге бес жыл майданда қан кешкен сарбаздарды жіберді. Мен төртінші кезекте, елге 1947 жылы ғана келдім. Алғашқы еңбек жолымды, өздерің көріп жүрген Шиқұдық ауылындағы су бөгетін салған, сол кездегі аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы Нұрқасым Бердіқұлов жұмысқа алған болатын. Ол кісі біздің ауданға Ырғыз ауданының бірінші хатшысы қызметінен келген еді. Жұмысты

жапырып жасайтын адам екені көрініп тұратын. Ырғыз ауданын басқарған кезінде жиырмадан астам адамның Социалистік Еңбек ері атағын алуға қол жеткізіпті. Біздің ауданнан кейін ол Қарабұтақ ауданында бірінші хатшы қызметінде болды. Меніңше, сол мезгілде ол кісінің жоғары білімі болмады-ау деймін. Себебі Н.Бердіқұлов сіздің мамандағыңыз қандай еді деп сұрағанда өзіл-шыны аралас «менің мамандығым бірінші хатшы» - деп жауап беріпті дегенді естігенбіз деп жаңа тұрғыдағы өңгіменің басын бастап қоятын.

Одан кейін көп ұзамай мені жалпы бөлім меңгерушісі қызметіне ауыстырып, осы жұмыстан зейнеткерлікке шықтың. Осы қызметте жүріп ауданның бірінші хатшылары болған Н.Бердіқұлов, Ф.Тегісбаев, І.Ерғалиев, Б.Жолмырзаев, С.Сағынтаев, А.Бекмұханбетовтер мен жұмыста болдым. Солардың біреуі де менің жұмысыма қабақ шытқан емес деп сөзін аяқтайтын. Шынында да, Айсекеңнің күнделікті ісін көзіміз көріп күй болып жүрген біздер шынайы ризашылық білдіріп отыратынбыз. Айсекең, жалпы өңгімешіл болғанымен, ішкі сырды ашуға жоқ, өзін тізгіңдеп отыратыны байқалатын. Мүмкін бұл ұзақ жыл партиялық құпия орында жұмыс атқарғанынан қалыптасқан дағдыдан да болар. Жалпы, сол кездегі ағалар буынының бір артықшылығы шеттерінен білімдар, шеттерінен сөзге шешен еді. «Ескінің соңы, жаңаның басы» сияқты екен, шіркіндер! Бітіріп тастаған оқулары жоқ болса да, жауапкершілік академиясынан, Сталиннің қатаң режимінен өткен ағаларымыздың төртпітері, еңбекқорлығымен, қайырымдылықтары бөлек болатын. Олар екі заман арасында дәнекер бола жүріп, ел үшін аянбай еңбек етті, сол ерен істерінің көзіндегі болған бүгінгі Ойыл ауылындағы өлі күнге дейін иығын уақытқа бермей, еңсе тіктеп тұрған ескі үйлерді көрген де еріксіз, іштей риза боласыз.

Аяулы Маржан ақын айтқандай: «Өткен күн бәрі аяулы, өткеннің бәрі ертегі» сықылды. Олай дейтінім, сол заман адамдарының өмірге құштарлығы қандай керемет еді! Жайылхан Мерғалиев, Отар Клипанов, Хайролла Кыдырбаев, Аққайда Нұғманов, Даулетбай Ахметжанов, Қанатбай Сарсенғалиев, Үсенғали Абдуллин, Шыңғыс Танкиев, Ғани Есниязов, Хамит Сисенғалиев, Назарбай Сүндетбаев, Жалғасбай Есенғалиевтер айтатын ой-пікірлері мен ұсыныстарын ешкімнің ар-ожданына тимей, дауыс көтермей-ақ, сауатты өрі ұтымды сөз теңеулерімен жеткізе білетін. Көңіл-пейілдері қандай кең, жүректері қандай таза еді! Бәрі де табиғаттың өзіндей шынайы, таза тұғын. Негізгі адамның қалыптасуында төңірмен тағдыр табыстырған жақсы жандардың орны бөлек. Біз, Айсекеңді үлгі тұтып қадірлесек, ол өзімен жұмыста болған адамдардың есте ұстарлық жақсы қасиеттерін айтатын. Айсекең бір өңгімесінде былай деп еске алатын – «ерттеректе жолдасым (кейін марқұм болған) Бибатпа ауырып Ақтөбе қаласында емделуге тұра келді. Бір күні жұмыста отырсам, аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы Ідріс Ерғалиев кабинетіне шақырып, менің жағдайыңды сұрап болып, «шырағым, сен өлі жассың, ауырған адам жазылады, ауру батпаңдап кіріп, мысықылдап шығады деген бар, сен көп уайымдама, мен, екі-үш күннен бері сіздің үйің тұрған көшемен жүргенімде, сіздің үйден түтін шықпады, бұл ырымға дұрыс емес, екі күнде болса да үйге от жағып қою керек» деп айтқан болатын. Осындай қамқор ағаны, басшыны көріп жақсылығын ойына түйген Айсекеңнің кішіге деген қамқорлығын өрқашан сезініп жүрдік. Ұрпақ жалғасы деген ұғым да осындай болу керек.

Ата-бабаларымыз дана ғой. Олар «мың сіз-бізден бір шыж-быж» дегені бар. Адамдарды бір-бірімен жақындастыратын дастарқан басындағы ықпал-пейіл екенін жазбай білген-ау. Айсекеңнің «сіз-бізі» үлкенге де, кішіге де шынайы құрмет ағалық ақыл-кеңес, тәлім-тәрбие болса, «шыж-быжы» еңбек тетігін тауып, оның жемісін жегізу.

Біздің ұжымдағы қалыптасқан үрдіске сай Айсекеңнің әрбір толық жасқа толу құрметіне бөріміз бір кісідей жиналып жайылған дастарқаннан дәм тататынбыз. «Жаман ішіп-жегенін айтады. Жақсы көргенін айтады» деген бабалардан қалған сөз бар. Бұл арада өңгіме сыйластықта, сыйлай білуде екеніне назар аударғым келеді. Есіктен кіргеннен-ақ қазақы қонақ жайлылық пен ауадан сезілген қарапайымдылық лебі есіп тұрған үйді анау-мынау сірескен коттеджден кем көрмейтінбіз. Бұл үйдің тұрмыс-тіршілігі большевиктік тұрғыда тәрбиеленген көдіміз қарапайым партия қызметкерінің тірлігі: барды ұқсату, артықты тілемей. Айсекең өзін өнегесі көп, өкініші аз өмір сүргендердің санатына жатқызатын. Онысы рас. Құлынышқайт ұлдары ер жетті, қуыршақтай құздары бой жетті. Алтын асықтай немерелері, жақын туыс сыйластары бар. Жүрген жерінде жастар жол береді, үлкендері қол береді. Тек бір өтпеген-айы, өмір серігі Бибатпа жеңгейдің өмірден ертерек өтуі еді.

Жеңгей дүниеден озғаннан кейін Айсекеңе барып бір жолыққанымыз «шырағым, жақын тұтатын інім едің, жеңгең ауырып жатса да, қасында болып, дәрі – дәрмегін алып беріп отырғанымың өзі жақсы екен ғой» - дегені бар. Бұл маған айдында қатар жүзіп келе жатқан қос аққудың бір-бірінен жазатайым айырылып қалғандағы күйзелісін көз алдыма елестетті. Бұл да бір қимастық пен сыйластықтың жалғасы іспеттес. Егер ақиқатына келсек, Айсекеңнің қызметін жаңа жайлы деу де жөн болмас еді. Бар билікті ұсыныда ұстаған бірінші хатшылардың үнемі көңілінен шығып отыру-екінің бірінің қолынан келе бермейтін шаруа. Ағамыз іскерлігі-



мен де, мінезімен де, соларға жақты. Қандай қаһарлы басшының да ыңғайын таба білетін. Ол мезгілде әрбір партия мүшелерінің уставтық талаптардың орындауларына бақылау жасалып, жаза басқан жекелеген коммунистерге партиялық түзету шаралары белгіленетін. Сол қателік жіберген коммунистер өзі есепте тұрған ұйымда, талқыланып, одан кейін аудандық партия комитетінің бюро мәжілісінде шешілетін.

Осындай бір мәжілісте: ішімдікке салынып жұмысқа келмей жүрген бір коммунисті ісін қараған бастауыш ұйымы оны партиядан шығаруға қаулы қабылдап, бекітуді аудандық партия комитетінен сұраған екен. Мәселені талқыға салған бюро мүшелері қабылданған қаулыны бекіту қажеттілігіне тоқталған кезде, Айсекең, орнынан тұрып, кешірім өтінімін, «ақыл айтпақ жоқ еске салмақ бар дегенді» - деп сөзін бастап нақты дәлелдемелерді келтіріп, белгіленген партиялық жазаның түрін өзгертуге қол жеткізгеніне күй болғанмын. Ал шындығында ол кезде мұндай ұсыныс, пікір айту көп адамның қолынан келе бермейтін.

Тіршілікте кімнің қадірін кім білген?! Арман мен ажал арпалысып, алшылы-шікті аунап түсіп жататын аумалы-төкпелі жалғанда, сүйіншінен гөрі күйінші, күлкісінен гөрі күйігі басым мынау бейопа бес күн тіршілікте қасымызда қатар жүрген жандардың қашан қадірін біліп, қайбір бағалап жатармыз?

Кейде бір кісінің кісілігі айтылмай, өлгеннен кейін өкісіп, жоқтап жатқаннан көргенде «Қазақ жақсысын жерге бергеннен кейін ғана қадірлі бастайды» деп кейістік білдіріп жатамыз. Бұл пікірдің қаншалықты дұрыс айтылғаны мен білмеймін, бірақ Айсекеңе келетін болсақ, ол тіршілікте қадірлі, халқына сыйымды, жұртына жұғысты болды. Бір журналист Қасым Қайсеновтен сұхбат алуға барғанында «Бауыржан Момышұлы қандай батыр?» - деп сұраған ғой. Қасым ағамыз «Бауыржан батырдың батыры. Ондай батыр өлі туған жоқ» - дейді. Сол журналист енді Баукеңмен кездескенінде «Қасым Қайсенов қандай батыр?» - деп сұрайды. Бауыржан Момышұлы «Қасым жаудың ішінде жүріп соғысты. Ол нағыз батыр. Оған жететін батыр жоқ» - депті. Бізге, осы қос батырдың бір-біріне деген ниеті жұғысты болса дейсің.

Мен Айсекеңмен туысқан да, жақын да, ағайын да емеспін, қызметте араласа келе туыстай ағаға айналды. Мен ол кісімен өлдене жыл бірге жұмыста болып жүргенде «Сіз қай жерденсіз деп, немесе руын сұрап, арғы түбін қазбалап сұраған емеспін. Ол мезгілдегі коммунистік тәрбие де солай болатын. Бір баспасөз бетінде жазылғандай Әбілахан Еспаев деген композитор көкеміз Алматыдағы опера және балет театрының шығыс жақ беткейіндегі М.Өуезовтің Юстисі тұрған жерді айналы-ы-ып дем алып жүреді екен. Келесі жақта бір орындауға ұш қарт адам отырады өңгіме соғы-ы-ып. Ал ағамыз Өуезовтің ескерткішінің ар жағына бір шығып, бер жағына бір шығып, теңселіп жүреді. Біреуі сұрайды: «Өй анау жүрген білесіңдер ме кім екенің?» деп. «Өй көдіміз атақты композитор Әбілахан Еспаев деген болады» - дейді біреу. «А-а, ол мына біздің Шуда туды деп еді. Онда сол біздің ауылдың жігіті болды ғой» - дейді. «Өй, жоқ, ол Арқада туған» - дейді екіншісі. Екеуі шақ-шұқ айтысы қалады. Үшінші біреуі тұрып айтады: Жүр ғой өзі, сұрамайсыңдар ма? Айтады ғой өзі қай жерден екенің» Содан өлгілер оны шақырып алады. «Өй, Әбілахан, осы сен қай жерденсің?» - деп сұрайды. Жоқ, өуелі «қай рудансың?» - дейді. Жарықтық сөл кекештеу адам еді: «Біз а-алқаш дейтін руданбыз» - дейді. Сонда өлгі үшеуі таңданып: Сонда бұл адай ма, арғын ба, алшын ба, мұндай руды естіген жоқпыз ғой!» десе, көкеміз саспастан: «Бұл ру Қазақстанның барлық аймағын, тіпті бүкіл өлемді жайлап кеткен ру» деп жауап береді. «Е, е, дұрыс, онда қазір не жазып жүрсің? - деп сұрапты. Сазгер тағы да бастапқы өдетімен: «Қазір бас жазып жүрмін» - депті. Сол айтқандай, оның мен де түп-тұқиянын, ата-тегін білмеймін, бірақ бауырдай жақын араласып кеткеніміз рас.

—Іә қызмет бабында жоғары, төмен сатыларында сипастықты сақтап, өмір сынағында қоян-қолтық араласа білген небір бекзат тұлғалармен мақсат пен мүдде жолында табысып қызмет атқардық. Өмір жолы бірде қия, бірде өр. Осының өр сызығында тағдырлар тоғысып жатады. Бірақ адамның жақсылығы азаматтық болмысы есінде қалатын сияқты. «Пай-пай, дүние-ай, өтесің-ау, бір күні, тыясында қуаныш пен күлкіні» деп. Мұқағали ақын айтқандай жарық дүние баянсыз. Онда болмағандай, жүрмегендей, біз кетеміз. Кету үшін келгенбіз. Айсекеңде, өтті дүниеден. Бірақ, жақсы адамның өлген күні болмайды, туған күні ғана болады деу ләзім.

Жазушы, Роллан Сейсенбаев жазған бір мақаласында, Қап тауындағы бейіттің құлпы тасынан оқыған бір ауыз бейітті келтіреді. Онда былай депті:

Ол өулие емес еді.  
Ол батыр да емес еді.  
Бірақ сен басыңды и,  
Ол өмірден адам болып өтті.  
Сондай өмірден толық мөніндегі адам болып өткен азамат Айсекең, Айсәуір Сукашев еді...

Тыныштыбай ШАЛАБАЕВ.

## КАК ВНЕСТИ ИЗМЕНЕНИЯ В СВОИ ЛИЧНЫЕ ДАННЫЕ, НЕ ВЫХОДЯ ИЗ ДОМА

Популярность получения онлайн-услуг среди потребителей набирает обороты. Согласитесь, это очень удобно и особенно актуально в связи с принятыми правительством страны карантинными мерами по борьбе с коронавирусом. В ЕНПФ внедрены и уже не первый год оказываются вкладчикам (получателям) услуги в электронном формате, то есть без необходимости посещения офисов.

Стоит отметить, что еще в 2018 году услуга «Выдача информации о состоянии пенсионных накоплений (с учетом инвестиционного дохода) вкладчика (получателя) Единого накопительного пенсионного фонда (ЕНПФ)» вошла в пятерку лучших по результатам общественного мониторинга государственных услуг, проведенного исследовательской компанией «САНДЖ» по заказу Агентства Республики Казахстан по делам государственной службы и противодействию коррупции. Этим же исследованием высоко оценен сайт ЕНПФ, его удобный интерфейс, быстрый переход и наличие информации на казахском и русском языках.

На сегодняшний день более 80% всех операций совершаются в фонде онлайн. К примеру, зарегистрировав-

шись в личном кабинете, можно получить выписки с ИПС иконтировать свои накопления онлайн, в т.ч. в мобильном приложении ЕНПФ, скачав его на свой мобильный телефон. Также в Личном кабинете буквально за пару кликов вы сможете увидеть текущие показатели по пенсионным активам, реквизиты договоров и многое другое.

Воспользоваться сервисом «Личный кабинет»:

1) на сайте ЕНПФ [www.enpf.kz](http://www.enpf.kz) и в мобильном приложении можно, используя два способа авторизации: посредством электронной цифровой подписи (ЭЦП) или путем ввода своего ИИН и пароля, а после авторизации вышеуказанными способами также и с помощью отпечатка пальца (при наличии);

2) на сайте электронного правительства [www.egov.kz](http://www.egov.kz) использование ЭЦП либо одноразового пароля.

Получить ЭЦП, кстати, сегодня опять жеможно онлайн на портале электронного правительства.

К примеру, вкладчикам (получателям), которые хотели бы внести изменения в свои реквизиты, необходимо зайти на сайт в раздел «Электронные сервисы» и найти там раздел «Внести

изменения и (или) дополнения в реквизиты». Перед вами будет видео-инструкция с подробным описанием всего алгоритма действий. Следуя им, можно внести изменения в контактную информацию: почтовый или электронный адрес, номер телефона и (или) изменить способ информирования о состоянии пенсионных накоплений.

Не лишним будет напомнить, что для тех, кто еще не открыл ЕНПФ индивидуальный пенсионный счет для учета обязательных пенсионных взносов, с 08 января 2019 года действует автоматическое открытие указанного счета при поступлении первого взноса в ЕНПФ, в том числе при перечислении единого совокупного платежа. При этом идентификация физического лица осуществляется по персональным данным, указанным при перечислении взноса. Все другие необходимые сведения (о реквизитах документа, удостоверяющего личность физического лица, о месте постоянного проживания и пр.) ЕНПФ в соответствии с положением законодательства Республики Казахстан получает из Государственной базы данных «Физические лица» Министерства юстиции Республики Казахстан.

## ИНФОРМАЦИОННОЕ СООБЩЕНИЕ

Внимание, ложные сообщения в мессенджерах!  
8 апреля 2020 года

Информация, распространяемая в мессенджерах, о том, что выплаты в размере 42 500 тенге осуществляются гражданам из их индивидуальных пенсионных накоплений в Едином накопительном пенсионном фонде (ЕНПФ), не соответствует действительности!

Социальные выплаты гражданам, потерявшим доход в связи с введением чрезвычайного положения, в размере минимальной заработной платы осуществляются из Государственного фонда социального страхования (ГФСС).

В целом следует различать принципы работы накопительной пенсионной системы и системы социального страхования. Фонды индивидуальных накоплений граждан и страховые внебюджетные фонды – это системы, предназначенные для решения разных социальных вопросов.

Пенсионные активы ЕНПФ – это собственные деньги вкладчиков (пенсионные взносы и инвестиционный доход) на их индивидуальных пенсионных счетах, предназначенные для пенсионных выплат в соответствии с законом «О пенсионном обеспечении в Республике Казахстан».

Активы ГФСС – средства, аккумуля-

лированные из социальных отчислений и предназначенные для социальных выплат при наступлении случаев социального риска, предусмотренных законом «Об обязательном социальном страховании».

Случаи социального риска включают потерю работы, утрату трудоспособности, потерю кормильца, потерю дохода в связи с беременностью и родами, потерю дохода в связи с усыновлением (удочерением) новорожденного ребенка (детей), потерю дохода в связи с нахождением в отпуске по уходу за ребенком по достижении им возраста одного года.

Проверить и убедиться в сохранности своих индивидуальных пенсионных накоплений можно в личном кабинете на сайте ЕНПФ ([www.enpf.kz](http://www.enpf.kz)) или в мобильном приложении ЕНПФ, а также на сайте электронного правительства ([www.egov.kz](http://www.egov.kz)).

Информация о порядке получения социальной выплаты из ГФСС из-за потери дохода в период чрезвычайного положения доступна на портале электронного правительства ([egov.kz](http://egov.kz)) либо на сайте [42500.enbek.kz](http://42500.enbek.kz).

Просим граждан пользоваться только достоверной информацией из официальных источников!

Ақтөбе облыстық Әділет департаментінде  
2020 жылғы 10 сәуірде № 7046 болып тіркелді

Зарегистрирован в Актыбинского областного  
Департамента юстиции 10 апреля 2020 года за № 7046

## ОЙЫЛ АУДАНЫҚ МӘСЛИХАТЫНЫҢ ШЕШІМІ

9 сәуір 2020 жыл № 401 Ойыл селосы

**Ойыл аудандық мәслихатының 2015 жылғы 24 желтоқсандағы №277 «Ойыл ауданында әлеуметтік көмек көрсету, мөлшерлерін белгілеу және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындау қағидаларын бекіту туралы» шешіміне өзгеріс және толықтырулар енгізу туралы**

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджет кодексінің 56 бабының 1 тармағының 4) тармақшасына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 6 бабына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 21 мамырдағы № 504 «Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы» қаулысына сәйкес, Ойыл аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Ойыл аудандық мәслихатының 2015 жылғы 24 желтоқсандағы №277 «Ойыл ауданында әлеуметтік көмек көрсету, мөлшерлерін белгілеу және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындау қағидаларын бекіту туралы» (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №4724 тіркелген, 2016 жылғы 26 ақпанда «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған) шешіміне келесідей өзгеріс және толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген шешіммен бекітілген Ойыл ауданында әлеуметтік көмек көрсету, мөлшерлерін белгілеу және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындау қағидаларында:

2 тармақтың 1) тармақшасы келесідей жаңа редакцияда жазылсын:  
«1) «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы (бұдан өрі – үкілетті ұйым) – Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік қызметтер көрсету, «бір терезе» қағидаты бойынша мемлекеттік қызметтер көрсетуге өтініштер қабылдау және көрсетілетін қызметті алушыға олардың нәтижелерін беру жөніндегі жұмысты ұйымдастыру, сондай-ақ электрондық нысанда мемлекеттік қызметтер көрсетуді қамтамасыз ету үшін Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша құрылған заңды тұлға»;

2 тармақ келесі мазмұндағы 11) тармақшамен толықтырылсын:  
«11) төтенше жағдай – азаматтардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету және Қазақстан Республикасының конституциялық құрылысын қорғау мүдделерінде ғана қолданылатын және азаматтардың, шетелдіктердің және азаматтығы жоқ адамдардың құқықтары мен бостандықтарына, сондай-ақ заңды тұлғалардың құқықтарына жекелеген шектеулер белгілеуге жол беретін және оларға қосымша міндеттер жүктейтін, мемлекеттік органдар, ұйымдар қызметінің ерекше құқықтық режимі болып табылатын уақытша шара».

келесі мазмұндағы 9-1 тармақпен толықтырылсын:  
«9-1. Қазақстан Республикасының аумағында төтенше жағдай енгізілген кезде біржолғы әлеуметтік көмек 20 000 (жиырма мың) теңге мөлшерінде көрсетіледі:

1) үкілетті ұйымның берген тізіміне сәйкес, табыс көзі ескерілмей бірінші, екінші және үшінші топтағы мүгедектерге, он алты жасқа дейінгі мүгедек балаларға, мүгедек баланы тәрбиелеп отырған ата-аналарға;

2) табыстарын есепке алмай, онкологиялық аурулардан зардап шегетін азаматтарға, адамның иммунитетіне әсер етпейтін вирустық жұқтырған және туберкулездің өртүрлі нысандарымен ауыратын науқастарға емделу кезеңінде, «Ақтөбе облысының денсаулық сақтау басқармасы» мемлекеттік мекемесінің шаруашылық жүргізу құқығындағы «Ойыл аудандық ауруханасы» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнымен ұсынылған тізімдерге сәйкес;

3) үкілетті органның әлеуметтік қызметкерлері қызмет көрсететін жалғыз тұратын қарт азаматтарға;

4) отбасының әрбір мүшесіне шаққандағы табысы ең төменгі күнкөріс деңгейінің 1 (бір) еселенген мөлшерінен аспайтын аз қамтамасыз етілген отбасыларға, мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алушыларды қоспағанда, ауылдық округ әкімдері ұсынған тізімдердің негізінде.

Әлеуметтік көмек төтенше жағдай кезеңінде бір рет және бір адамға тек бір санат бойынша беріледі.

Әлеуметтік көмек құжаттарды ұсынбаусыз көрсетіледі және төтенше жағдай тоқтатылған жағдайда төлем тоқтатылады.»

2. «Ойыл аудандық мәслихатының аппараты» мемлекеттік мекемесі заңнамада белгіленген тәртіппен осы шешімді Ақтөбе облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркеуді қамтамасыз етсін.

3. Осы шешім 2020 жылдың 1 сәуірінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Ойыл аудандық мәслихатының сессия төрағасы  
Ойыл аудандық мәслихатының хатшысы

И. Берғалиев  
Е. Жиеналин

## РЕШЕНИЕ УИЛСКОГО РАЙОННОГО МАСЛИХАТА

9 апреля 2020 года №401 с.Уил

**О внесении изменения и дополнений в решение Уилского районного маслихата от 24 декабря 2015 года №277 «Об утверждении правил оказания социальной помощи, установления размеров и определения перечня отдельных категорий нуждающихся граждан в Уилском районе»**

В соответствии с подпунктом 4) пункта 1 статьи 56 Бюджетного кодекса Республики Казахстан от 4 декабря 2008 года, со статьей 6 Закона Республики Казахстан от 23 января 2001 года «О местном государственном управлении и самоуправлении в Республике Казахстан», постановлением Правительства Республики Казахстан от 21 мая 2013 года №504 «Об утверждении типовых правил оказания социальной помощи, установления размеров и определения перечня отдельных категорий нуждающихся граждан», Уилский районный маслихат **РЕШИЛ:**

1. Внести в решение Уилского районного маслихата от 24 декабря 2015 года №277 «Об утверждении правил оказания социальной помощи, установления размеров и определения перечня отдельных категорий нуждающихся граждан в Уилском районе» (зарегистрированное в Реестре государственной регистрации нормативных правовых актов №4724, опубликованное 26 февраля 2016 года в информационно-правовой системе «Әділет») следующие изменение и дополнения:

в правилах оказания социальной помощи, установления размеров и определения перечня отдельных категорий нуждающихся граждан в Уилском районе, утвержденные указанным решением:

подпункт 1) пункта 2 изложить в следующей новой редакции:  
«1) Государственная корпорация «Правительство для граждан» (далее – уполномоченная организация) – юридическое лицо, созданное по решению Правительства Республики Казахстан, для оказания государственных услуг в соответствии с законодательством Республики Казахстан, организация работы по приему заявлений на оказание государственных услуг и выдаче их результатов услугополучателю по принципу «одного окна», а также обеспечения оказания государственных услуг в электронной форме»;

пункт 2 дополнить подпунктом 11) следующего содержания:  
«11) чрезвычайное положение – временная мера, применяемая исключительно в интересах обеспечения безопасности граждан и защиты конституционного строя Республики Казахстан и предоставляющая собой особый правовой режим деятельности государственных органов, организаций, допускающий установление отдельных ограничений прав и свобод граждан, иностранцев и лиц без гражданства, а также прав юридических лиц и возлагающий на них дополнительные обязанности.»

дополнить пунктом 9-1 следующего содержания:  
«9-1. Единовременная социальная помощь при введении чрезвычайного положения на территории Республики Казахстан в размере 20 000 (двадцати тысяч) тенге оказывается:

1) инвалидам первой, второй и третьей группы, детям инвалидам до шестнадцати лет, родителям, воспитывающим ребенка инвалида согласно списка уполномоченной организации без учета дохода;

2) гражданам, страдающим онкологическими заболеваниями, инфицированным вирусом иммунодефицита человека и больным различной формой туберкулеза на период лечения, согласно списков государственного коммунального предприятия «Уилская районная больница» на праве хозяйственного ведения государственного учреждения «Управление здравоохранения Актыбинской области» без учета доходов;

3) одиноко проживающим престарелым гражданам обслуживаемым социальными работниками уполномоченного органа;

4) малобеспеченным семьям, доходы которых на каждого члена семьи не превышают 1 (одного) кратного размера прожиточного минимума, кроме получателей государственной адресной социальной помощи, на основании списков представленных акимами сельских округов.

Социальная помощь выдается один раз на период чрезвычайного положения и на одного человека только по одной категории.

Социальная помощь оказывается без предъявления документов и в случае прекращения чрезвычайного положения оплата прекращается.»

2. Государственному учреждению «Аппарат Уилского районного маслихата» в установленном законодательством порядке обеспечить государственную регистрацию настоящего решения в Департаменте юстиции Актыбинской области.

3. Настоящее решение вводится в действие с 1 апреля 2020 года

Председатель сессии Уилского районного маслихата  
Секретарь Уилского районного маслихата

И. Берғалиев  
Е. Жиеналин

Газет Қазақстан Республикасы  
Инвестициялар және Даму  
министрлігі Байланыс, Ақпараттандыру  
және Ақпарат комитетінде  
2016 жылдың 21 қаңтарында  
тіркеліп,  
№15790-Г куәлігі берілген.



Меншік иесі: «Ойыл газеті» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі  
Директоры-Редактор Серікбай Қойбағаров  
Мекен-жайы: 030900, Ойыл селосы, Көкжар көшесі №69 үй, 3 қабат  
Байланыс телефоны: 8-(71332)-2-11-07.  
Газетте жарияланған мақала авторының пікірімен редакцияның  
көзқарасы қабыспайды. Суреттің сапасына редакция жауапты.

Газет аптасына бір рет шығады.  
Таралымы 1654 дана. Тапсырыс №478  
Көлемі 1 баспа табақ, индексі 65525

«Хабар-Сервис» ЖШС-нің баспаханасында  
басылды. Ақтөбе қаласы, Ә. Смағұлов көшесі 9/2.

Басылу сапасы жөнінде 400-400 телефонына  
хабарласуға болады.

## СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ КҮРЕС ОРТАҚ МІНДЕТ!

Жемқорлық - мемлекеттің, қоғамның дамуына, болашағына кесірін тигізетін індет. Қазіргі таңда қоғам үшін сыбайлас жемқорлықпен күрес ең өзекті мәселенің бірі болып отыр. Қоғамның барлық күш жігерін біріктіріп, осы дерттің одан әрі таралмауы үшін оған бөгет болудың барлық амалдарын қолдану арқылы ғана бұл құбылысқа тиімді түрде түбегейлі қарсы тұруға болады. Сондықтан сыбайлас жемқорлықпен күресу барлық Қазақстан Республикасы азаматтарының азаматтық борышы және адамгершілік міндеті деп білу керек.

Сыбайлас жемқорлыққа байланысты арнайы қабылданған заңдар да, атқарылып жатқан түрлі жұмыстар да баршылық, дегенмен бұл мәселе өлі толық шешімін тапқан жоқ. Ендеше, әр азаматқа сыбайлас жемқорлықтың теріс салдары туралы ақпаратты дұрыс жеткізу-олардың сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетінің қалыптасуына, өз құқықтары мен міндеттерін терең ұғынып жете түсінуіне және орындауына көмектесудің алғы шарттарының бірі болып саналады. Атап айтқанда, ол үшін ең алдымен сыбайлас жемқорлыққа қарсы сана керек. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы сана қалыптасқан жағдайда ғана адам адамгершілікке жат-қылықтардан бойын аулақ ұстай бастайды, заңға қайшы келетін әрекеттерді жасауға жол бермейді. Қарапайым тілмен айтатын болсақ, сыбайлас-жемқорлық-бұл қызмет дәрежесін жеке мақсатта пайдалану. Осы келеңсіз құбылыстың үдеп бара жатқаны жас ұрпақ тәрбиесіне зиян болатындығы бәрімізді алаңдатады.

Бұл мәселеге тереңірек үңілетін болсақ, сыбайлас жемқорлық ел болашағына, ұлттық қауіпсіздікке үлкен кесірін тигізеді. Яғни, осы келеңсіз құбылыспен күресу барша халықтың алдында тұрған ортақ мәселе екендігі айқын.

Сыбайлас жемқорлық - заман ағысымен бірге өсіп-өркендеп, мол қаражат және қоғамдық бәсекелестік пайда болған жерлерге тамырын жайып, бүгінгі күнге дейін жойылмай отырған кеселдің бірі. Бұл кесел дамушы елдердегідей біздің жас мемлекетімізге де орасан зор нұқсан келтіріп отыр. Қоғамның бақытты болашағын тежейді, елдің халықаралық беделіне нұқсан келтіреді, жұртшылықтың заң мен өділдікке, билікке деген сеніміне сызат түсіреді.

Қазіргі таңда қоғамымызға қауіп төндіріп, орасан кесел келтіретін осынау келеңсіз әлеуметтік құбылысқа қарсы шаралар қатаң қолға алынып жатыр. Жемқорлықпен күрес арнайы дайындалған мемлекеттік бағдарлама негізінде жүзеге асырылуда.

Еліміздің өркениетін дамытқысы келетін, өз ортасын құрметтейтін әрбі азамат мемлекеттің ішіндегі тәртіпті белгілі бір жүйеге келтіруге, ел ішіндегі қауіпсіздікті қамтамасыз етуге мүдделі және оның алдындағы басты парызы. Қоғаммен бірге өркендеп, етек жайып, етене сіңісіп келе жатқан бұл кеселдің тереңнен құлаш жаймауына өз үлесімізді қосу және оған тосқауыл болу - біздің ортақ міндетіміз.

**Т.РЫСҚАЛИЕВ,**  
аудандық қазынашылық басқармасының басшысы.

### 26 СӘУІР –

#### ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЗИЯТКЕРЛІК МЕНШІК КҮНІ

Дүниежүзілік зияткерлік меншік ұйымының Бас Ассамблеясының 2000 жылдың қыркүйек айындағы мәжілісінде осы атаулы күнді бекіту туралы шешім қабылданды. Адам құқықтарының жалпыға ортақ декларациясына сәйкес әрбір адам өзі авторы болып табылатын ғылыми, өдеби, көркем еңбектерінің нәтижесі болып табылатын мүдделерін қорғау құқығына ие. Дүниежүзілік зияткерлік меншік күні адамның күнделікті өмірінде және қоғамды жетілдіруде инновациялардың маңызын атап өтуге мүмкіндік береді.

Зияткерлік меншіктің мөнi алғаш рет Өнеркәсіптік меншікті қорғау бойынша Париж конвенциясы (1983 ж) және Әдеби және көркем шығармаларды қорғау бойынша Берн конвенциясы (1886 ж) шарттарында белгіленді. Дүниежүзілік зияткерлік меншік ұйымы Біріккен Ұлттар Ұйымының зияткерлік меншік құқықтарын қорғау мәселелері жөніндегі мамандандырылған мекемесі. Оның хатшылығы Женевада орналасқан. Ал Қазақстан Республикасында зияткерлік меншік құқықтарын қорғау және сақтау саласындағы мемлекеттік саясатты Әділет министрлігі жүзеге асырады. Әділет министрлігіне қарасты қарасты зияткерлік меншік саласындағы сараптама ұйымы «Ұлттық зияткерлік меншік институты» РМҚ. Зияткерлік меншік құқығы өзге меншік құқықтарына ұқсас. Ол авторлық құқық туындыларының авторларына немесе иелеріне өз туындысынан немесе оны жасауға инвестициядан пайда алуға мүмкіндік береді.

**Ойыл аудандық Әділет басқармасы**

## ӨРТ ҚАУІПІ АРТҚАН КЕЗЕҢДЕГІ ҚАУІПСІЗДІК ШАРАЛАРЫ.

**ХАЛҚЫМЫЗДЫҢ ӨРТТІ ТІЛСІЗ ЖАУ ДЕП АЙТУЫ НЕГІЗСІЗ ЕМЕС - СЕБЕБІ, ӨРТ КҮТПЕГЕН ЖЕРДЕН БАСТАЛЫП, КӨПТЕГЕН ЖЫЛДАР БОЙҒЫ МАҢДАЙ ТЕРМЕН ЖИҒАН ТЕРГЕН ДҮНИЕ-МҮЛКІНДІ ЛЕЗДЕ АЯУСЫЗ ЖАЛМАП ӨП-СӨТТЕ ЖОҚ ҚЫЛУЫ ҒАЖАП ЕМЕС. ОСЫНДАЙ ТІЛСІЗ ЖАУДАН САҚТА-НУДЫҢ ЕҢ ҚАРАПАЙЫМ ЖОЛЫ ОНЫҢ АЛДЫН-АЛУ, ЖӘНЕ ӨРТ ҚАУІПСІЗДІГІ ЕРЕЖЕЛЕРІН САҚТАУ.**

Аудандық ТЖБ және өрт сөндіру бөлімі қызметкерлері аудан көлемінде өрттердің алдын-алу мақсатында түрлі шаралар атқарып келеді. Аудан тұрғындарына өрттердің алдын-алу мақсатында өрт қауіпсіздігін сақтау жөнінде жаднамалар таратылуда. Жоғарыда көрсетілген өрт қауіпін алды-алу жөніндегі шараларға қарамастан аудан көлемінде өрт оқиғалары өлі де азаймай келеді. Себебі немқұрайлылық, мән бермеушілік жауапсыздық бар жерде өрттердің болуы қалыпты жағдай.

Жазғы күннің ысып, өрт қауіпі күшеюіне байланысты аудан бойынша далалық өрттердің де болу қауіпі ұлғаяды. Әрбір жекелеген азаматтар, түрлі меншік нысанына қарамастан ұйымдар басшылары, шаруашылық құрылымдар басшылары, өртке байланысты ойлы көзқараспен қарап, түрлі бағыттағы жолмен жүру кезінде шеккен шылымдарын көлік терезесінен лақтыра салмай - дұрыстап сөндіріп жүрсе, техникаларын жөндеуден өткізілген соң пайдаланып, уақытылы қарап тұрса, көптеген өрт оқиғаларының алдын-алуға болар еді.

Өрт қауіпі күшейетін жаз мезгілінде, жолды жөндеумен күтуге тиісті жауапты мекемелер, кәсіпорындар жол жиегіне өскен құрғақ шөптерді қыруға міндетті. Себебі бұл шара да өрт қауіпсіздігін сақтаудың бірден-бір кепілі. Кей жағдайда бола қалған өрттер кезінде жолдың арғы жағынан басталған өрт орылмаған, қаулаған шөптерге тиіп екінші бетіне ұласып жатады.

Мекеме қызметкерлері арасынан, әр ауылдық округ, елді мекен тұрғындары арасынан ерікті өрт сөндіру жасағы құрылып, аудан аумағында орын алған өрттерді сөндіруге жұмы-

луы қажет. Болып жатқан өрттерді сөндіру тек қана өрт сөндіру бөлімі, аудандық және ауылдық округ әкімшілігіне ғана қажет деп айтуымыз қате пікір. Қазіргі уақытта аудан көлеміндегі жерлердің көпшілігі өркімнің жеке шаруа қожалық жүргізу үшін жалға алып отырған жерлері болып табылады. Әрбір шаруашылық құрылым басшыларымен жекелеген адамдар өздерінің жеке мүліктерін және жерлерін өрттен қорғауға тікелей міндетті екендіктерін естен шығармаулары тиіс. Сонымен қатар орын алған тілсіз жауды жоюға бір кісідей ат салысып, маған тиесілі жер учаскесі емес – деген пікірден арылып дер кезінде жұмылуға шақырамыз!

Барлық мал қыстақтарындағы мал баздарының сыртқы аумағындағы жерлер үйілген шөп скирдтерінің айналасы жыртылып сыммен қорша-луы тиіс. Жиналып қалған қоқыс-тардан айналасы тазартылуы тиіс. Барлық ауыл шаруашылық техника-лары алғашқы өрт сөндіру құрал-дарымен /күрек, киіз, сыпыртқы, сапалақ, өрт сөндіргіштермен/ жаб-дықталулары шарт.

Осы айтылған шаралардың бар-лығы әр азаматтың сана сезімінде болып немқұрайлы қарамауы тиіс. Сондықтан өртті болдырмау, алдын алу шараларын жасау баршамыздың көңіл бөлер ортақ міндетіміз. Өз міндетімізді дұрыс түсіну кездейсоқ өрт шығу фактісіне ұрындырмауы сөзсіз.

Есіңізде болсын! Өрт кезінде салқынқандылық танытыңыз, өрт сөндіру бөлімін «101» немесе «112» телефон нөмірі бойынша шақыртып, өзіңіз бен жақындарыңызды құтқару үшін қажетті шараларды қолданыңыз.

#### Ойыл ауданының төтенше жағдайлар бөлімі

Ойыл аудандық аурухана ұжымы және кәсіподақ ұйымы Боранбаевтар отбасына, ардақты әкелері

#### Боранбаев Ақастың

қайтыс болуына байланысты ағайын-туыстарына қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

Ойыл аудандық аурухана ұжымы және кәсіподақ ұйымы, Есіркеповтар отбасыларына, Қайыңды дәрігерлік амбулаториясының жедел жәрдем жүргізушісі

#### Есіркепов Тыныштықтың

қайтыс болуына байланысты ағайын-туыстарына қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

Ойыл аудандық аурухана ұжымы және кәсіподақ ұйымы аурухана қызметкері Гайсина Гүлзатқа әжесі

#### Бибіштің

қайтыс болуына байланысты ағайын-туыстарына қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

Ойыл аудандық аурухана ұжымы және кәсіподақ ұйымы Тұрғамбековтар отбасына баласы

#### Қуаныштың

қайтыс болуына байланысты ағайын-туыстарына қайғысына ортақтасып, көңіл айтамыз.

Ойыл аграрлық колледжінің инженер педагог ұжымы және бастауыш кәсіподақ ұйымы ардагер ұстаз, арнайы пәнінің оқытушысы Тұрғамбеков Орынбасар Жұмайұлының баласы

#### Қуаныштың

мелгісіз қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

Ойыл аграрлық колледжінің инженер педагог ұжымы және бастауыш кәсіподақ ұйымы директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Даулетов Алтай Ойнарұлының күйеу баласы

#### Қуаныштың

мезгілсіз қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

### ХИЖРИ 1441 ЖЫЛ

# 2020

## РАМАЗАН КЕСТЕСІ

«Рамазан 2020» мобильді қосымшасын Play Маркеттен жүктеп алып, ораза жайлы толық мағлұмат алуға болады.

Рамазан айы	Апта күндері	Сәуір және Мамыр	Таң (Сәуір біткіш уақыты)	Күннің шығуы	Бесін	Екінті	Ақшам (Ауызашар уақыты)	Құптан
1	Жм	24.04	04:30	06:07	13:25	18:22	20:33	22:11
2	Сб	25.04	04:28	06:05	13:25	18:23	20:35	22:13
3	Жс	26.04	04:25	06:04	13:24	18:24	20:36	22:15
4	Дс	27.04	04:23	06:02	13:24	18:25	20:38	22:17
5	Сс	28.04	04:20	06:00	13:24	18:26	20:39	22:19
6	Ср	29.04	04:18	05:58	13:24	18:27	20:41	22:22
7	Бс	30.04	04:15	05:56	13:24	18:27	20:42	22:24
8	Жм	01.05	04:13	05:55	13:24	18:28	20:44	22:26
9	Сб	02.05	04:10	05:53	13:24	18:29	20:45	22:28
10	Жс	03.05	04:08	05:51	13:24	18:30	20:47	22:31
11	Дс	04.05	04:05	05:50	13:23	18:31	20:48	22:33
12	Сс	05.05	04:03	05:48	13:23	18:32	20:49	22:35
13	Ср	06.05	04:00	05:46	13:23	18:33	20:51	22:38
14	Бс	07.05	03:58	05:45	13:23	18:34	20:52	22:40
15	Жм	08.05	03:55	05:43	13:23	18:35	20:54	22:42
16	Сб	09.05	03:53	05:42	13:23	18:35	20:55	22:45
17	Жс	10.05	03:51	05:40	13:23	18:36	20:57	22:47
18	Дс	11.05	03:48	05:39	13:23	18:37	20:58	22:49
19	Сс	12.05	03:46	05:37	13:23	18:38	20:59	22:52
20	Ср	13.05	03:43	05:36	13:23	18:39	21:01	22:54
21	Бс	14.05	03:41	05:35	13:23	18:40	21:02	22:56
22	Жм	15.05	03:39	05:33	13:23	18:40	21:04	22:59
23	Сб	16.05	03:36	05:32	13:23	18:41	21:05	23:01
24	Жс	17.05	03:34	05:31	13:23	18:42	21:06	23:03
25	Дс	18.05	03:32	05:29	13:23	18:43	21:08	23:06
26	Сс	19.05	03:29	05:28	13:23	18:44	21:09	23:08
27	Ср	20.05	03:27	05:27	13:23	18:44	21:10	23:10
28	Бс	21.05	03:25	05:26	13:23	18:45	21:11	23:13
29	Жм	22.05	03:24	05:25	13:23	18:46	21:13	23:13
30	Сб	23.05	03:24	05:24	13:23	18:47	21:14	23:14

#### ЕСКЕРТУ:

- Мамыр айының 19-нан 20-на қараған түн – қасиетті Қадір түні.
- Биыл пітір садақа жан басына 370 теңге деп белгіленді.
- Садақаны [Kaspi.kz](http://Kaspi.kz) мобильді қосымшасы арқылы аударуға болады.
- Карантин кезінде тарауық намазы мешітте оқылмайды, бірақ оны үйде отбасымен бірге оқуға болады.
- Ораза ниеті: Алла Тағаланың разылығы үшін таң атқаннан күн батқанға дейін рамазан айының оразасын ұстауға ниет еттім.
- Ауызашар дұғасы: Уа, Жаратқан Ием! Сенің разылығың үшін ораза ұстадым, Саған иман келтірдім, Саған төуекел еттім, Сен берген ризықпен арыз аштым. Уа, Кешірімді Алла! Менің алдыңғы және соңғы күне-кемшіліктерімді кешір!

Нұр-Сұлтан қаласы: +7(7172)33-30-30  
Ақтөбе қаласы: +7(700)095-09-00



Ойыл ауданы

[muftayat.kz](http://muftayat.kz) / [nurgasyr.kz](http://nurgasyr.kz)